

## Сауда платформасын орнатуға арналған нұсқаулық Android операциялық жүйесіне арналған нұсқа


### 1. Қосымшаны орнату

«Цесна Капитал» мобильді қосымшасы (бұдан әрі – Қосымша) Android операциялық жүйесінде жұмыс істейтін мобильді құрылғылар үшін әзірленді.

Қосымшаны мобильді құрылғыға орнату үшін онда қосымшалардың стандартты дүкенін («Google Play» немесе «Play Маркет» бағдарламалары) ашып, іздеу бөліміне кіру және іздеу жолына «цесна капитал» немесе «капитал» түйінді сөздерін енгізу қажет.

Іздеу нәтижелері ішінен әзірлеуші «Цесна Капитал» АҚ-ның атауы мен логотипі көрсетілген қосымшаны таңдау керек. Қосымшаның сипаты жазылған терезе ашылған соң «Орнату» батырмасын басып, Қосымшамен жұмыс істеу үшін қажетті рұқсаттар туралы хабарлама шығарылғаннан кейін, «Қабылдау» батырмасын басу керек.

Жүктеме индикаторы Қосымшаны жүктеу мен орнату барысын көрсетеді. Процесс аяқталғаннан кейін мобильді құрылғыға орнатылған басқа қосымшалардың белгілері арасында Қосымшаның белгішесі (таңбашасы) пайда болады.



### 2. Мобильді құрылғыға ЭЦҚ кілтін орнату

Қосымша орнатылғаннан кейін одан арғы мүмкіндіктер үшін Қосымша арқылы клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды беру үшін мобильді құрылғыға ЭЦҚ-ның файл кілттерін жүктеу (орнату) талап етіледі. Жеке тұлғалар үшін – RSA, заңды тұлғалар үшін GOST атауымен басталатын файл пайдаланылады.

Бұны бірнеше тәсілмен жасауға болады. Мысалы, мобильді құрылғыны дербес компьютерге қосып, ЭЦҚ кілті бар файлды мобильді құрылғының файлдық жүйесіндегі қандай да болмасын бір папкіге көшіру керек. Кілт қай жерге көшірілгенін есте сақтау

керек, өйткені бұны кейін Қосымшаның баптауларында көрсету қажет болады («ЭЦҚ кілтін таңдау» нұсқаулығының бөлімін қараңыз).


Сондай-ақ, егер Сіз бұл файлды бұдан бұрын өзіңіздің электронды жәшігіңізге жөнелткен болсаңыз, мобильді құрылғыға орнатылған пошталық бағдарламадан (мысалы, Gmail) ЭЦҚ кілті бар файлды мобильді құрылғыға жүктей аласыз. Бұл жағдайда файл мобильді құрылғының «Жүктемелер» папкасына барып түседі.

### 3. Клиентті сәйкестендіру

Қосымшаны іске қосу кезінде клиенттің тіркеу деректерін (логин және пароль) енгізуге арналған нысан ашылады.

Оңайлату үшін авторландыру парағында пайдаланушы енгізген логинді Қосымшаның жадында қалдыру режимінің ауыстырғышы көзделген. Сондай-ақ, логинді сақтау режимін кейінірек Қосымшаның «Қосымша» бөлігінде қосуға/ажыратуға болады.

Пайдаланушы логин мен парольді енгізгеннен кейін Қосымша авторланған клиентті қалайда айқындайды.




### 4. Қосымшаның негізгі мәзірі

Қосымшаның негізгі мәзірі мынадай бөлімдерден тұрады:

- Акциялар (Қазақстан Қор Биржасындағы (бұдан әрі – KASE) акциялар саудасының ағымдағы жай-күйін көрсету)
- Менің қағаздарым (клиенттің қосалқы шотындағы бағалы қағаздар саны)
- Менің ақшам (клиенттің қосалқы шотындағы ақша көлемі)
- Бұйрықтар (клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар журналы)
- Тапсырмалар (ақшаны аударуға арналған тапсырмалар-бұйрықтар журналы)
- Мәмілелер (клиенттің мәмілелер журналы)
- Хабарламалар (Брокердің клиентке жіберетін ақпараттық хабарламалары)
- Қосымша (Қосымшаның қосымша функциялары мен баптаулары)
- Шығу (ағымдағы пайдаланушының сессиясын аяқтау)

Мәзірді көрсету/жасыру Қосымшаның жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан тиісті батырманы басу арқылы немесе экранды солдан оңға қарай (жасыру – оңнан солға қарай) парақтау қимылымен жүзеге асырылады.




### 5. Акциялар; акциялар тізімін баптау

Клиент өз қалауы бойынша акциялардың өзіндік дербес тізімін қалыптастыра

алады, ол «Акциялар» бөлімінде көрсетілетін болады. Ол үшін Қосымшаның негізгі мәзірінен «Қосымша» бөлімін, содан кейін «Акцияларды баптау» кіші бөлімін таңдап алу керек. Экранда акциялардың тізімі жазылған нысан көрсетіледі. Ауыстырғышты тиісті тикердің қатарына қою/алып тастау жеткілікті болады.

Клиент таңдаған акциялар тізімі Қосымшаның баптауларында белгіленген мерзімділікпен жаңарып отырады (мәзірдің «Қосымша» -> «Жаңару кезеңі» бөлімі).


Құралы бар плашканы басу және ұзақ ұстап тұру кезінде экранда контекстік мәзір пайда болады. Егер «Стақан» тармағы таңдалса, экранда баға белгіленім стақаны көрсетіліп, онда биржа мүшелері таңдалған қаржы құралдарын сатып алуға/сатуға шығарып қойған барлық (қазіргі уақытта қолданылатын) тапсырыстар туралы жиынтық ақпарат жазылады. Саудаға қойылған барлық бағалар мен акциялар/облигациялар саны туралы ақпарат көрсетіледі.



## 6. ЭЦҚ кілтін таңдау

Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды берер алдында Қосымшаның баптауларында ЭЦҚ-ның пайдаланылатын кілті туралы мәліметті сақтау керек. Ол үшін «Қосымша» -> «ЭЦҚ кілті» кіші бөліміне өту талап етіледі. Экрандық нысанның жоғарғы бөлігінде пайда болған батырманы (папка белгісі) басып, мобильді құрылғының файлдық жүйе тасымалдағышының ашылған терезесінде қандай файл/кілт пайдалынатынын көрсету керек (ЭЦҚ кілтін жүктеу процесін осы Нұсқаулықтың «Мобильді құрылғыға ЭЦҚ кілтін орнату» бөлімінен қараңыз). Жеке тұлғалар үшін – RSA, заңды тұлғалар үшін GOST атауымен басталатын файл пайдаланылады.

Файлды таңдағаннан кейін ЭЦҚ сертификатының деректемесіне қол жеткізу үшін, Қосымша ЭЦҚ кілтінің паролін (пин-код) енгізуді сұрайды. Егер енгізілген пароль дұрыс болып шықса, онда экрандық нысанның төменгі бөлігінде таңдалған ЭЦҚ кілтінің деректері пайда болады. Бұдан әрі аталған ЭЦҚ кілті Қосымшадағы тапсырыстарға/бұйрықтарға қол қою кезінде автоматты түрде пайдаланылатын болады.



## 7. Акцияларды сатып алуға/сатуға тапсырыс беру

Бағалы қағаздарды сату/сатып алу үшін клиент

клиенттік тапсырысты қалыптастырады. Мәселен, сатып алу кезінде «Акциялар» бөлімінде құралы бар плашканы басып, ұстап тұру керек, ал содан кейін ашылған контекстік мәзірден «Сатып алу» тармағын таңдау қажет.

Сол сияқты, сату кезінде «Менің қағаздарым» бөлімінде құралдары бар жолдың батырмасын басып және ұстап тұрып, контекстік мәзірден «Сату» тармағын таңдап алу керек.

Клиент пайда болған нысанда тапсырыстың параметрлерін (бағасын, санын және қолданылу мерзімін) көрсетуі тиіс. Бұл ретте, әдепкі қалпы бойынша, тапсырыстың қолдану мерзімі ағымдағы күнтізбелік күннің соңына дейін белгіленеді. Тапсырыстың болжанып отырған жалпы сомасы бір құралдың бағасын сатып алынатын/сатылатын құралдардың санына көбейту арқылы есептеліп шығарылады.

Клиент аталған параметрлерді толтырып, «ОК» батырмасын басқаннан кейін Қосымша ЭЦҚ кілтін парольді (пин-кодты) енгізуге арналған нысанды экранға шығарады, ол Қосымшаның баптауларында таңдалған болатын (нұсқаулықтың «ЭЦҚ кілтін таңдау» бөлімін қараңыз). Клиент растаған тапсырыс/бұйрық Қосымшада тесеруден өтеді, содан кейін экранда тексерудің нәтижесі көрсетілген хабарлама пайда болады.

#### **8. Тапсырыстың/бұйрықтың күшін жоюға бұйрық беру**

Акцияларды сатып алуға немесе сатуға бұрын берілген тапсырыстың/бұйрықтың күшін жою үшін клиент күшін жоюға арналған тиісті бұйрықты қалыптасырады.

Ол үшін бұйрықтар журналындағы (мәзірдің «Бұйрықтар» бөлімі) тапсырыс/бұйрық орналасқан жолды басып және батырманы ұстап тұру керек, содан соң ашылған контекстік мәзірден «Бұйрықтың күшін жою» тармағы таңдалғаннан кейін Қосымша экранға бұйрықтың толтырылған нысанын шығарады.

Бұйрыққа қол қою бойынша бұдан кейінгі әрекеттер сатып алуға/сатуға арналған клиент тапсырысын беру кезіндегі әрекеттерге ұқсас болады.

